

Қызыл кітап –  
Мезгілсіз кеткендердің  
Бастарына қойылған қызыл шырақ.  
Келеді кез  
Күрделі біздің бұл кез  
Жаутаңдаиды адамға түзде мың көз.  
Қызыл кітап –  
Опат болып кеткен аңының  
Бастарына қойылған қызыл күмбез.

Ж. А. ӘУЕЛБЕКОВА, Ж. Ж. ЖАТҚАНБАЕВ

## АЛТЫН ЕМЕЛ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАБИГИ САЯБАҚ және ондағы сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлар экологиясын, биологиясын зерттеу

Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Жер-су атауларының бәрі тарихи оқиғаларға байланысты қойылатындықтан алдымен Алтын Емелдің тарихына да аздал тоқталып өткен дұрыс болар. Атыс-шабысы көп көне заманда жайбақат жатқан қазақ еліне қалмақтардың жиі соғыс ашып, қырғын салғаны тарихтан белгілі. Қазақтың батырлар жырында кездесетін «Атаңа нәлет ит қалмақ» деп келетін жолдарды қазірге дейін бәріміз жақсы білеміз. Бұл әбден ашынғандықтан айтылған сез болса керек. Қазақтар, соның өзінде, ата жауына айналған қалмақтардың ерлігін орынды күрметтей де білген. Оған қазақ даласындағы жер-су атауларына қойылған қалмақ хандары мен батырларының есімдерінің өзі айғақ бола алады. Қалмақтармен соғыс қаншама жылдарға созылды десенізші? Ақыр аяғында «ақтабан шұбырындыға» ұшыраған қазақ ұлтының батырлары алғаш бас қосып біріккенде-ақ, Жетісу аумағынан қалмақтарды біржолата қуып шығыпты. Бұл жолы қалмақтар Іле өзенінен өтіп, шығысқа қарай қашқан деседі халық. Олар қазақтар Іле өзенінен өте алмайды деп ойласа керек. Бізге енді қауіп жоқ деген байламға келген тұста, қазақ батырлары Қарасай, Райымбек аталарымыз бір түн ішінде ойламаған жерден Іле өзенінен өте шығып, қалмақтар орналасқан аймаққа түн ішінде кенеттен шабуыл жасап, қалмақтарды қырып салған. Қазіргі кезде ол жерлер Шолак, Дегерес, Матай таулары деп аталады. Бұл жерлердегі қалмақтар көп қырылған орындар осы күнге дейін белгілі. Тіпті, оларды көмген қорғандар да әлі күнге дейін сакталған. Кейбір қорғандардың биіктігі 30 метр, ұзындығы 150 метрге жетеді. Мұндай алып қорғанда қаншама қалмақтың сүйегі жатқанын ешкім де есептеп бере алмайтын шығар.

Қазақтың өлең-жырларына арқау болған тарихи деректерге сенсек, Дегерес тауы да қалмақтар тарихымен тығыз байланысты. Дегерес – қалмақ ханының ұлының аты. Ал Матай – қазақ руының аты. Қазақтардан қорқып қашқан қалмақтар Дегерес тауларының арасына тоқталады. Сол жерлерде қазақтан қашып жүріп, қалмақтар алтын баулы шылбырын ұмытып кеткен деген сез бар. Сондықтан болар, ол жерді қазақтар қазіргі кезге дейін «Шылбыр сайы» деп атайды. Енді бір таудың арасында қашқан қалмақтар алтын тізгінін қалдырып кетіпти. Осы уақытқа дейін ол жер «Гізгін сайы» деп аталады. Алапат қырғынға ұшыраған қалмақтардың әскерлері тіпті ертөкімдарын да ұмытып кеткенге ұқсайды. Қалмақша «ер-тоқым» деген сез «емел» деп аталады еken. Бүгінде бұл таулы аймақ – Алтын Емел деп аталады. Міне, Алтын Емелдің қысқаша бар тарихы осы.

Осы таулардың сыртқы жағын қоршаған тау жүйесі бар. Оны қазақтар Малайсары деп атайды, бұл да бір қасиетті жер. Киеle аймақ. Қалмақтардың ержүрек батыры, аты аңызға айналған Дегересті өлтірген қазақ батыры Малайсары еken. Бұл таулы аймақты Малайсары тауы деп атайдыны да сондықтан. Дәл осы Малайсары тауына қарама-қарсы оңтүстік шығысында 20-30 шақырымға жететін көн жазық дала бар. Бұл даланың аргы бетінде Іле өзеніне тірелген таулар бар. Оларды қазақ Kіші Қалқан және Үлкен Қалқан таулары деп атаған. Бұл таулардың – Kіші және Үлкен Қалқан деп аталуының да бірнеше себептері бар екенін тарихи деректер дәлелдейді. Іле

өзенінің арғы бетіне бірінші өткен қалмақ әскерлері Шолақ пен Дегерес тауларының шатқалдарына бала-шағаларын, қатын-қалаштарын қалдырып, өздері бас сауғалап қашқан. Қазақтар бұл тауды Қалқан таулары деп атайды. Қалмақтар тауды қалқалап қашқан көрінеді. Осы аймакта әлемге әйгілі Айғайқұм деп аталатын жер бар. Қазақтар қалмақтардың сонынан қалмай отырып барлығын қырып салады. Тарихтың тірі ескерткіштеріндегі болып осы жерлерде қалмақтардың қырылған молалары жатыр. Мұның бәрі ұлы ерліктің айғақтары болып табылады.

Іле өзенінің жағасында Кіші және Үлкен Қалқан тауларынан басқа андар мен құстардың мекені болған Қатутау мен Ақтау деген ете бағалы жерлер бар.

**Қазақстанның Серенгети «Алтын Емел» ұлттық саябағы қалай құрылған?** Жоғарыда атап өткен (Шолақ, Дегерес және Матай) үш таудың арасы қазіргі кезде Қазақстандағы ауқымы бойынша және жабайы аң мен құстардың, жабайы пайдалы өсімдіктердің (жеміс-жидек, дәрілік, мал азығы болған), жердің жасыл желегі түр-сипатының әралуандылығы бойынша еліміздегі ең үлкен аймактың бірі. Бұл қазақтың ұлттық табиғи саябағының аты – Алтын Емел. Ол 1996 жылы үкіметтің арнаулы қаулысы бойынша құрылған.

Қазіргі кезде Алтын Емел ұлттық саябағының аумағы 520 000 гектар жерді алып жатыр. Осындағы көлемдегі табиғи тіршілік иелерін (аң-құстар, жануарлар дүниесін, өсімдіктер әлемін) корғау керек екендігін өмірдің өзі көрсеттіп келеді. Оған табиғатты ерекше қадір тұтып, сүйестін адамдар болмаса, басқа ешкімнің жаны ашып жатқаны көрінбейді.

Бұл ұлттық саябақ төннегінде шынымен-ақ қорғауға тұрарлық дүниелер өте көп. Бәлкім, бұкіл Қазақстан бойынша Алтын Емелдің табиғи және тарихи, тіпті археологиялық мұралары басқа ешбір жерде кездеспейтін болар.

Қазақстандағы барлық құлланың 97 пайызы Алтын Емелде, олар саябақтың солтүстігінде Шолақ, Дегерес, Матай болып созылып жатқан таулар мен Оңтүстік шығысындағы Үлкен және Кіші Қалқан тауларының арасындағы жазықта табын-табыннымен мекен етеді. Олардың айналасында қарақүйрек, таудың биік құздарында таутеке, Ақтау мен Қатутауда арқар, Дегерес пен Қояндытау арасында ілбіс, сол таулардың етегінде сілеусін, ал шығыс жағында қоңыр аю, орманды тау арасында марал, бұхар бұғасы, Іле бойындағы қамыста қабан, қасқыр, елік, жыртқыш мәніл (жабайы мысық), Іленің өзінде адам бойындағы жайындар, сирек ағаш бойында қырғауыл, тау етегінде кекілік, көк аспанда тек бүркіттің алты түрі, ителгі, қырги, қаршыға, қарақұс, ал ең бағытты, жабайы табиғатта жойылып кеткен Прежевальский жылқысы (оны біздің жұрт тұз тағысы тарпаң дейді) бар. Міне, осы андардың барлығы бір ғана Алтын Емелдің қойнауына сыйған. Содан болар осы маңда көптеп жүретін шетел туристері Алтын Емелді «Қазақстанның Серенгети» деп атап жатады. Себебі әлемдегі ең әйгілі жазықта табын-табыннымен зебралар, жабайы сиыр-гнулар өріп жүрсе, біздің Алтын Емелдің жазығында дәл сондай қайталанбас сурет көрініс беріп, құландар мен тарпаңдар, қарақүйректар даламызға жан кіргізіп келеді. Серенгети сывнды мұнда да ұлы өзен бар, ол – Іле. Бірақ мұндағы Африканың қолтырауын, крокодилдерін адам бойындағы жайындар алмастырған.

**Таңбалы тас – Бесшатыр қорғандары – Ошақтас – Айғайқұм – 700 жылдық ағаш.** Әдетте біз өзіміздің тарихымызды ежелгі сақ тайпаларымен байланыстырылғанды дұрыс көреміз. Алайда сол сақтардың мол мұрасымен таныстырымыз шамалы. Ендеше бір сәтке Бесшатыр қорғандарына тоқталып кетелік. Бесшатыр қорғандары Алтын Емел ұлттық табиғи саябағының қақ ортасында орналасқан. Бүгінде оны аспан астындағы ашық мұражай деп те атап жүр. Үлкен жазықтың бел ортасында биіктігі 20 метр, диаметрі 100 метр болатын пирамида текес тас үйінділері – сақтардан қалған жәдігер бар. Олардың саны 31-ге жетеді, әрбірінің айналасына биік тастардан қорған қойылған. Бұл тарихи ескерткіштерді көргенде ғана көнілге жақсы қонады, олардың кереметін қызықтан адамға суреттеп беру өте киын. Себебі сақтардың мұрасы тек қана қорғандармен шектелмейді, тау арасында таңбалы тастар да бар. Ол тастардың бетіне бабаларымыз ритуалды суреттер қалдырған. Суреттердің сапасы жақсы және мазмұны өте терең. Бесшатыр қорғандарымен бірге олар ортақ бір композицияны құрайды. Таңбалы тастан бастап Бесшатырга дейін жаяу жүріп (батыстан шығысқа) өткен адам ғана сақтардың космологиялық дүниетанымына терең үніле алады. Осы екі мекенде көріп өткен саяхатшы міндетті түрде үшінші тарихи экспонат – Ошақтасқа соғу керек (Бесшатырдың шығысында). Мидай жазықта ұзындығы екі метр болатын бірнеше тастарды тігінен қойып, оларды әбден жылтыр болғанша қашаған ежелгі сақтар, Ошақтасты тек ошақ үшін пайдаланбағаны анық. Ошақ үшін аймакта ыңғайлы басқа да тау-тастар көп. Оның үстінен Ошақтастан кейінгі

төртінші пункт ол – Айғайқұм. Табиғаттың осы бір ерекше жаратылысына бізге дейін де талай ұрпақтың тамсанып қараганы анық. Жанартаулардың лаваларынан пайда болған тастақты таулардың арасында сахара дағана кездесетін құмдардың үйіндісі ешбір географиялық түсініктемеге келмейді. Желдің өтінде тұрып мұлде сейілмейтін Айғайқұм, аты айтып тұргандай, біраз уақыттан соң жедің көмегімен қайтадан өз биігіне көтеріліп, әрі қарай өлеңін жалғастырады. Айғайқұмның дәл алдында Шоқан бұлағы бар. Ұлы саяхатшы жаңа біз көрсеткен маршрутпен жүріп өтіп, осы бұлақтың басында Айғайқұмды тамашалап бірнеше күн тұрақтаган. Шығыс жағына өтетін болсақ, ол жерден 700 жылдық ағашты көруге болады. Әдетте атам қазақ жалғыз өсken ағашты киелі деп санаған. Енді жалғыз өзі 700 жыл бойына өсіп тұрган табиғаттың қайталанбас күшін басқаша қалай бағалауға болады? Міне, сан ғасырдан бізге жеткен осындағы мұраларды арнайы қамқорлыққа алып, болашақ ұрпаққа аманаттау біздің парызымыз. Ол үшін біздің әңгімемізге арқау болып отырған бұл аймақты ұлттық қорыққа айналдырып, арнайы қузетке алып, ондағы өсімдіктер мен жануарларды көбейту жолдарын қарастыруымыз керек.

#### ӘДЕБІЕТ

- 1 Жатқанбаев Ж.Ж. Экология және биосфера негіздері. – Алматы, 2010.
- 2 Атыраубаева Р.Н. Іле өзенінің өсімдіктері мен жануарларының антропогендік жолмен өзгеруі. – Алматы, 2011.

*Ж. А. Ауелбекова, Ж. Ж. Жатқанбаев*

#### АЛТЫН ЕМЕЛ – ПРИРОДНЫЙ ПАРК КАЗАХСТАНА

В настоящей статье изложены результаты полевых исследований редких и исчезающих видов растений и животные в биоценозах Иле-Балхашского региона Алматинской области. Исследование проводится в целях создания Заповедника для сохранения исчезающих видов в биоценозах. Указываются технологии охраны и размножения исчезающих видов растений.